

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның Тараз қаласындағы
«Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебі»
филиалы

**Оқушыларды көркем-бейнелеу
дағдыларына үйретуде оқу-зерттеулік
және метакогнитивтік білімді
кіріктіру**

Пак Елена Львовна,
Эксперт-мұғалім «Өнер», НЗМ
Тараз қ., Қазақстан Республикасы

Зерттеу жұмысының тақырыбы, мақсаты мен мәселелері «Физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде» «Өнер» пәнін оқытқан бес жылда оқушылардың зерттеушілік және жобалық іс-әрекеттері барысында жеткен жетістіктері мен қиыншылықтарын бақылау кезінде туындады.



Қандай мәселе?

Неге біздің оқушылар зерттеушілік кезеңде практикалық тапсырмаларды жақсы орындайды да, бірақ, үлкен форматты шығармашылық-жобалық жұмысты орындау практикасында өз дағдыларын қолдана алмайды?



Зерттеу мақсаты

Мектепте қажетті материалдар негізінде
«Өнерге» үйрету тәжірибесін жақсарту үшін

оқушылардың пәндік-тақырыптық білімдері
мен дағдыларын дамытуда зерттеушілік және
метакогнитивтік білімді кіріктіруге арналған

оқу тапсырмаларының мазмұны мен құрылым
жүйесін анықтау

Зерттеу мәселелері

- Дидактикалық зерттеу тапсырмалары деген не?
- «Өнер» сабағындағы зерттеулік тапсырмалар қандай болады (оларды саралау)?
- Заманауи оқу әдістемелері оқушылардың орындауы үшін қандай іс-әрекеттерді ұсынады?
- Оқушы іс-әрекетті қандай объектілермен орындау керек?
- «Өнер» пәнінің бағдарламалық мақсаттарын орындауда зерттеушілік тапсырмаларды қалай күшейтуге болады?

Зерттеудің теориялық негіздері

- таным теориясы;
- оқытудың құрылымдық теориясы;
- метакогнитивтік білім туралы үйрету;
- ойлау іс-әрекеттерін қалыптастыру заңдылықтары мен механизмі туралы психологиялық ереже;
- мұғалімдердің зерттеушілік іс-әрекеттерінің әдістемесі мен оқушылардың зерттеушілік іс-әрекеттерін ұйымдастыру әдістемесінің педагогикалық ережелері;
- зерттеушілік жұмыс туралы ереже қазақстандық мектептердің оқу бағдарламасы мазмұнының бір бөлімі

Зерттеу әдістемесі


Зерттеу төменде көрсетілген тәсілдерді қолданыла отырып жүргізілді:

- 1) талдау мен синтездеу, салыстыру, бөлу мен жинақтаудың теориялық әдістері, сондай-ақ,
- 2) мәліметтерді жинақтау мен толықтырудың эмпирикалық әдістері (бақылау, әңгімелесу, оқушылар мен мұғалімдердің іс-әрекеттерінің нәтижелерін зерделеу, мектеп құжаттарын зерделеу, ғылыми әдебиетті зерделеу),
- 3) мәліметтерді өңдеудің графикалық және кестелік әдістері.

Зерттелген объектілер:

- бағдарлама, «Өнер» пәні бойынша әдістемелік нұсқаулық,
- зерттеу тапсырмаларын құрастырудың авторлық тәжірибесі,
- Тараз қаласының физика-математикалық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 48 оқушысының зерттеушілік тапсырмаларды орындау тәжірибесі.

«Өнер» пәнінің «Микродан Макроға: Өнім дизайны» бөліміндегі аталған іс-әрекет түрғысынан зерттеулік тапсырмаларды талдау (8 сынып)



Зерттеу барысында алынған мәліметтер жүйелі түрде әріптестермен талқыланып тұрды



Автордың нәтижелері мен қорытындылары

1

«Өнер» бойынша заманауи бағдарламалардағы, оқу және әдістемелік құралдардағы зерттеулік-оқу тапсырмалары – ол оқушының зерттеу жүргізудегі, зерттеушілік іс-әрекет жасаудағы оқу тапсырмалары; зерттеушілік іс-әрекетті іске асыруда оқушыларға қойылатын талаптар.

Біздің мектептің нормативтік құжаттары жүйесінде оқу тапсырмалары түрлі негіздер бойынша жіктелген:

Классификация

1) сабақ құрылымының орны бойынша дәстүрлі аспекте (бұрын өткен материалдарды қайталау кезеңіндегі тапсырмалар, жаңа материалды зерделеу кезеңіндегі тапсырмалар, практикалық көркем іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру және бекіту кезеңіндегі тапсырмалар)


2) сыни тұрғыдан ойлауды дамыту моделінің орны бойынша (тақтаға шақыру кезеңінің тапсырмалары, ойлану кезеңінің тапсырмалары, рефлексия кезеңінің тапсырмалары);

3) оқушы іске асыратын іс-әрекет бойынша.
Үшінші жіктеу аясында зерттеулік тапсырмалар да қарастырылған.

Зерттеулік тапсырмалар

Орындайтын тапсырма

Оқушылардың зерттеу жұмысы кезеңінде алған білімдері мен дағдыларын саналы түрде қолдануға мақсатты түрде үйрете отырып, олардың жобалық жұмысының сапасын арттыру



Әріптестермен талқылау

Имитация цвета, акварель, темпера.



Критерии: плавность перехода, аккуратность, чистота цвета.
Вывод: Формула О'Кип позволяет точно воспроизводить цвет и, помимо этого, оптимизирует плавность перехода и удобство работы с цветом. 3D форма получается.



Автордың нәтижелері мен қорытындылары

2

«Өнер» бағдарламасының зерттеулік тапсырмалары толығымен оқушылардың төменде көрсетілген білімдері мен түсініктерін дамытуға бағытталған:

- 1) табиғи әлемді білу және түсіну;
- 2) жаратылған әлемді білу және түсіну;
- 3) тарихты, мәдениет пен дәстүрлерді білу және түсіну;
- 4) ақпарат көздерін зерттеу және олармен жұмыс жасай білу дағдысы;
- 5) көркем материалдар мен құралдарды қолдана білу дағдысы;
- 6) шығармашылық идеяларды көрсете білу дағдысы;
- 7) шығармашылық өнімнің дизайнын жасау дағдысы;
- 8) материалдар мен олардың қасиетін білу.

«Өнер» бойынша қолданыстағы отандық әдістемелік жұмыстар мен оқу құралдарында балалардың **метатанымын дамытатын тапсырмалар өте сирек кездеседі.**

Флейвелл – баланың метатанымын талдау мен мониторингін жасаудың негізін салды

Өзіндегі танымдық үдерісті бақылайтын аса жоғары деңгейдегі **ойлау** нәтижесі болып танылады

Таным туралы білімнің бірігуі ретінде қарастырылады

Қалай үйрену керек екенін оқытатын сала

Мета – үсті, жалпы, кіріктіретін... **МЕТА...** (грек сөзі meta — аралық, соңы, келесі), аралықты, бірдеңенің артынан ілесуді, басқа бірдеңеге өтуді білдіретін күрделі сөздердің бөлігі

Метабілім

Метатаным – метабілім алудың үдерісі, тәсілі

Танымдық **тәсілдер мен әдістер** (когнитивтік дағдылар)

МЕТАТАНЫМДЫҚ ТАПСЫРМА – зерттеуді қажет ететін, метатүсінікті сезінетін тапсырма

Когнитивтік үдерісті түсіну және бақылау

Балалар өзінің оқу тәжірибесінде метатаным үдерісі арқылы

Жалпы таным туралы, жеке (өзіндік) танымның ерекшелігі туралы

Когнитивтік және практикалық тапсырмаларды шешу және шешімдер қабылдау

Тапсырмаларды шешудің шарттары мен астары туралы

Өзіндік ойлаудың себептері мен механизмі (өзін-өзі тану, рефлексия)

түсіну, бақылау және байқау

қабілетін дамытады

Автордың нәтижелері мен қорытындылары

3

«Өнер» сабағында алған мәліметтерге байланысты біз оқушыларға жүйелі түрде сұрақтар қоя бастадық:

- тапсырмаларды шешудің когнитивтік және практикалық стратегиялары мен шешім қабылдау туралы;
- тапсырмаларды орындау шарттары мен астарларын өзіндік түсінуі туралы;
- Өзіндік ойлаудың себептері мен механизмі туралы;
- таңдаған шешімдері мен іс-әрекет жасау уәжі туралы;
- практикалық жұмыс барысында және нәтижелерді талқылағанда қаншалықты сенімді немесе сенімсіз болғандығы туралы

Жұмыстың нәтижесі - көлденең және тік трансферттерге және балалардың метатанымының дамуына байланысты тәжірибелік-экспериментальдік тапсырмаларды енгізу арқылы оқу-шығармашылық жұмыстың сапасын арттыру болды



Нәтижелер

Оқушылар

- өздерінің даму мүмкіншіліктерін тани бастады,
- Көркем бейнелеу дағдыларын үйренуде өзіндік стратегияларын дұрыс бақылауды, жоспарлауды және бағалауды үйренді,
- көркем таным тәсілдерін түсінуден рахат ала бастады,
- білімін жинақтау тәсілдерін тапқандарына, сабақта өз әсерлерінің ерекшеліктеріне қуанатын болды,

Оқушыларда

- Көркем техника мен тәсілдерді сыни тұрғыдан пайдалану дағдыларын зерттеу сабақтарынан қорытынды жобалық іс-әрекет саласына ауыстырудағы қиыншылықтар кеми бастады,
- ал көркем жобалық өнімдер сапасы арта бастады.

Тараз қаласының Физика-математикалық
бағыттағы Назарбаев Зияткерлік
мектебіндегі «Өнер» сабағы



8 сынып Тараз қ. Физика-Математикалық
бағыттағы НЗМ, 2017-2018 оқу жылы

Назарларыңызға рақмет



Әдебиеттер тізімі

1. Орыс тілінің үлкен түсіндірме сөздігі. \Құраст.және бас ред. С.А.Кузнецов. – СПб.: Норинт, 2000. – 1536 бет.
2. П.Я.Гальперин Кеңестік психология тарихындағы жоспарлы қалыптастыру әдісі //Жас ерекшеліктері психологиясының өзекті мәселелері \Ред. А.Г.Лидерс. - М.: МГУ баспасы, 1986. - 49-58 бет.
3. М.Ж.Джадрина Мектепте оқытуда күтілетін нәтижелерді анықтаудың логика-дидактикалық әдісі □Мәтін□ / М.Ж.Джадрина Шығармашылық педагогика. - 2005. - №2. - 3-13 бет.
4. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ – NIS-Program. «Өнер» пәні бойынша оқу бағдарламасы. Негізгі мектеп (6-10 сыныптар). 2017-2018 оқу жылының оқу үдерісінде 7-9 сыныптарда іске асыру үшін. Нұсқа: 2. Мамыр 2017. – Астана, 2017.
5. Педагогикалық энциклопедиялық сөздік /Бас ред. Б.М.Бим-Бад; Ред.ұжым: М.М.Безруких, В.А.Болотов, Л.С.Глебова және басқалар – М. Ресейлік үлкен энциклопедия, 2003. – 528 бет.
6. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Ұстазға арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. Үшінші басылым. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012. – 306 бет.
7. Ш.Т.Таубаева Педагогикалық зерттеудің әдістері мен әдістемесіне енгізу. – Түркістан: Туран баспасы, 2007. – 190 бет.
8. А.И.Чокушева Оқу пәндерінің құралдары арқылы оқушылардың құзыреттілігін дамыту: автореф. ... пед.ғыл.к.: 13.00.01. – Алматы: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім беру академиясының мектепке дейінгі және орта білім беру институты, 2012. – 24 бет.
9. Mercer, N. (1995). The guided construction of knowledge: talk amongst teachers and learners [Ұстаз бен оқушының әңгімелесуі арқылы білім алу]. Clevedon: Multilingual Matters.